**Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша**

# ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

*19.07.2023 ж.* *Курчатов қ.*

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 8-бабы 5-тармағын, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» ҚР ҰЯО РМК бас директорының міндетін атқарушының 13.06.2023 жылғы № 108 бұйрығын орындау үшін Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі мәтін бойынша – ҚР ҰЯО РМК) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Ішкі талдау Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1) ҚР ҰЯО РМК қызметіне қатысты құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) ҚР ҰЯО РМК-ның ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізумен ҚР ҰЯО РМК-ның 2023 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қызметі қамтылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге арналған ақпарат көздері:

1) ҚР ҰЯО РМК жарғысы;

2) ҚР ҰЯО РМК-ның ішкі нормативтік құжаттары;

3) ҚР ҰЯО РМК қызметіне қатысты НҚА.

ҚР ҰЯО РМК жарғысына сәйкес ҚР ҰЯО РМК қызметінің мәні – ядролық физика, қатты дене физикасы, радиациялық материалтану, ядролық реакторлар физикасы мен техникасы, атом энергетикасының қауіпсіздігін негіздеу, радиоэкология саласында ғылыми зерттеулер жүргізу, Қазақстан Республикасының аумағындағы ядролық сынақтардың салдарын зерделеу және жою, мемлекетке тиесілі стратегиялық объектілерді күтіп ұстау және т.б.

**1. ҚР ҰЯО РМК қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

ҚР ҰЯО РМК өз қызметін Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі, «Атом энергиясын пайдалану туралы», «Халықтың радиациялық

қауіпсіздігі туралы», «Ғылым туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасының Экология кодексі сияқты заңнамалық актілер шеңберінде жүзеге асырады.

ҚР ҰЯО РМК қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

**2. ҚР ҰЯО РМК-ның ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Ұйымдастыру-басқару қызметін жүзеге асыру кезінде ҚР ҰЯО РМК Қазақстан Республикасының заңнамасында және ҚР ҰЯО РМК жарғысында белгіленген тәртіппен ҚР ҰЯО РМК бас директоры бекіткен кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады, мысалы: жұмыскерлерді аттестаттау туралы ереже, ҚР ҰЯО РМК персоналын іріктеу, қабылдау, бейімдеу және кадрлық ауыстыру тәртібі туралы ереже, кадр резерві туралы ереже, зиянды және қауіпті еңбек жағдайларындағы жұмыстарға уақытша жіберу тәртібі туралы ереже, бас директор орынбасарының бос лауазымына орналасуға арналған конкурс туралы ереже, біліктілік комиссиясы және жұмыскерлердің лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары туралы ереже, дербес деректермен жұмыс істеу және дербес деректерді жинауға және өңдеуге жауапты жұмыскерлерді тағайындау туралы ереже, ҚР ҰЯО РМК-да еңбекақы төлеу жүйесін ұйымдастыру қағидалары, ҚР ҰЯО РМК құрылымдық бөлімшелері мен оның филиалдары басшыларының мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезіндегі өзара іс-қимыл және жауапкершілік тәртібі, ҚР ҰЯО РМК-ның еңбек тәртіптемесі қағидалары және т.б.

ҚР ҰЯО РМК өз қызметін жүзеге асыратын барлық құқықтық актілерде, сондай-ақ кәсіпорынның әзірленген ішкі құжаттарында құқықтық алшақтық, дискрециялық өкілеттіктердің кеңдігі, адамға өзіне тиесілі құқықты іске асыру үшін қойылатын жоғары талаптар, функцияларды, міндеттерді, құқықтар мен жауапкершілікті тиісінше айқындамау сияқты және т.б. сыбайлас жемқорлыққа барынша тән факторларды пайдалана отырып, сыбайлас жемқорлық нормаларының бар-жоғы тексерілді.

Талдау нәтижелері бойынша жоғарыда көрсетілген барлық құжатта сыбайлас жемқорлық нормалары анықталған жоқ.

Персоналды басқару қызметін талдау кезінде келесілер анықталды: 2023 жылғы 01 шілдедегі жағдай бойынша ҚР ҰЯО РМК-ның штат саны 2039 бірлікті құрайды, оның ішінде нақты саны – 1820 бірлік.

ҚР ҰЯО РМК бас офисі жұмыскерлерінің штат саны – 189,45 бірлік, нақты саны – 184 бірлік.

ҚР ҰЯО РМК құрамына 4 филиал кіреді:

«Атом энергиясы институты» филиалы:

штат саны – 814 бірлік, нақты саны – 744 бірлік.

«Радиациялық қауіпсіздік және экология институты» филиалы:

штат саны – 271,5 бірлік, нақты саны – 249 бірлік.

«Геофизикалық зерттеулер институты» филиалы:

штат саны – 354,05 бірлік, нақты саны – 324 бірлік.

«Байкал» филиалы: штат саны – 410 бірлік, нақты саны – 319 бірлік.

Бас директордың 2020 жылғы 24 ақпандағы № 17а бұйрығымен бекітілген ҚР ҰЯО РМК персоналын іріктеу, қабылдау, бейімдеу және кадрлық ауыстыру тәртібі туралы ереженің шарттары жеке тұлғалардың ҚР ҰЯО РМК-ға жұмысқа орналасуы кезінде барлық ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмайды. ҚР ҰЯО-дағы бос жұмыс орны туралы ақпарат ЕҢБЕК «Электрондық еңбек биржасы» порталында орналастырылады.

Кандидаттарды бастапқы іріктеу кезінде келіп түскен барлық түйіндемелер кандидаттардың қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қаралады және персоналды іріктеуге арналған өтінімде көрсетілген формальды түрде мәлімделген белгілер бойынша кадрлық жұмысы бөлімі (бұдан әрі – КЖБ) іріктейді, содан кейін кандидатпен телефон арқылы алдын ала әңгімелесу жүргізіледі. Іріктелген кандидаттар КЖБ-да және кәсіпорынның қауіпсіздік бөлімінде (бұдан әрі – ҚБ) алғашқы әңгімелесуден өтеді. Құрылымдық бөлімшенің басшысы кандидат туралы мәліметтерді зерделегеннен кейін екінші іріктеу әңгімелесуін өткізеді және кандидатты жұмысқа шақыру туралы шешім 4 деңгейде, яғни КЖБ, ҚБ, тікелей басшымен, жоғары тұрған басшымен оң түрде келісілгеннен кейін ғана мүмкін болады.

ҚР ҰЯО РМК-ға жұмысқа қабылдау кезінде конкурстық рәсімдер қолданылады:

- ҚР ҰЯО РМК бас ұйымында – Бас директордың орынбасары бос жұмыс орнына орналасуға арналған конкурс туралы ережеге сәйкес;
- «Атом энергиясы институты» филиалында – Филиалдың ғылыми-техникалық кеңесі туралы ережеге сәйкес (ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды тікелей жүзеге асыратын бөлімше бастығының лауазымы).

Осы кезеңде аттестаттау комиссиясының шешімдеріне шағымдану фактілері болған жоқ.

Кадрлардың ауысу себептерін анықтау бойынша жүргізілген талдау нәтижесінде мыналар анықталды:

Есептік кезеңде **129** жұмыскер жұмыстан шығарылды, соның ішінде:

- жұмыскердің бастамасы бойынша – **93**;
- еңбек шарты мерзімінің аяқталуына байланысты – **1**;
- зейнет жасына толуына байланысты – **8**;
- тараптардың еркінен тыс мән-жайлар бойынша (қайтыс бролу) – **2**;
- шетелдіктің тұруға ықтиярхатының қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты – **2**;
- жұмыскердің 1 жұмыс күні ішінде қатарынан үш сағат және одан да көп уақыт бойы дәлелсіз себептермен жұмыста болмауы – **1**;
- жұмыста мас күйде болу – **1**;
- жұмысын жалғастыруына кедергі келтіретін денсаулық жағдайына байланысты жұмыскердің атқаратын лауазымына немесе орындайтын жұмысына сәйкес келмеуі – **1**.

ҚР ҰЯО РМК-ның бір филиалынан екінші филиалына ауыстырылған жұмыскерлердің жалпы саны – **20**.

Жұмыскердің заңды күшіне енген сот актісіне сәйкес одан әрі жұмыс істеу мүмкіндігін жоятын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауына байланысты жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шарттарын бұзу фактілері жоқ.

Жұмыскерлердің жұмыстан шығуының негізгі себептері тұрғылықты жерінің өзгеруімен, Курчатов қаласында медициналық қызмет көрсету және басқа да әлеуметтік салалардың дұрыс дамымауымен байланысты.

Есептік кезеңде **16** адам тәртіптік жауапкершілікке тартылды, оның ішінде:

ҚР ҰЯО РМК – **1**; «Геофизикалық зерттеулер институты» филиалы – **2**; «Байкал» филиалы – **5**; «Атом энергиясы институты» филиалы – **8**.

2023 жылдың бірінші жартыжылдығында мерзімінен бұрын алынып тасталған тәртіптік жазалар болған жоқ.

Алынбаған тәртіптік жазасы бар жұмыскерлерге сыйлықақы беру фактілері болған жоқ.

«Байкал» және «Атом энергиясы институты» филиалдарында оқыту шартында белгіленген мерзімді өтемеген жұмыскерлерді жұмыстан шығару бойынша 4 оқиға болды. Оқыту шартының 1.5-тармағына сәйкес жұмыскерлер оқу үшін бөлінген ақшалай қаражатты өтелмеген мерзімге барабар мөлшерде қайтарып берді.

Еңбек шартын бұзу туралы бұйрықтың күшін жою, жұмысқа қайта алу, бос жүруге мәжбүр болған уақыты үшін жалақы өндіріп алу және моральдық зиянды өндіріп алу туралы сот дауы болды. Осы азаматтық істі қарау барысында тараптар арасында дауды (жанжалды) сот медиациясы тәртібімен реттеу туралы келісім жасалды.

**Мүдделер қақтығысын реттеу:**

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген, өздерінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты адамдарға теңестірілген адамдардың лауазымдарға орналасу, сондай-ақ тікелей бағынысты жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) және (немесе) жекжаттарының болу фактілері анықталған жоқ.

Кәсіпорын жұмыскері өзінің туысы болып келетін адамдар тікелей бағынысында болуы себепті пайда әкелуі мүмкін шешімдер қабылдауға қатысқан жағдайда мүдделер қақтығысының туындау тәуекелі бар жұмыскерлерді зерделеу кезеңінде жұмысқа қабылдау фактілері анықталған жоқ.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауға қатысты жүргізілген талдау барысында мыналар анықталды: кәсіпорын жұмыскерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністері фактісі бойынша немесе ҚР ҰЯО РМК жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне әкеп соғатын әрекеттеріне қатысты жеке және заңды тұлғалардан өтініштер тіркелген жоқ.

Жеке немесе заңды тұлғалардың өтініштеріне уақтылы жауап бермеу немесе жауап бермеу жағдайларына жол берілген жоқ.

ҚР ҰЯО РМК-ның мемлекеттік сатып алулары «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының нормаларына, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығына, сондай-ақ ішкі құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

Кәсіпорында бас директордың 24.11.2021 жылғы № 1121 МС бұйрығымен «ҚР ҰЯО РМК құрылымдық бөлімшелері және оның филиалдары басшыларының тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезіндегі өзара іс-қимыл тәртібі және жауапкершілігі» бекітілген, онда ҚР ҰЯО РМК құрылымдық бөлімшелерінің, сондай-ақ филиалдардың МТЖБ басшылары ТЖҚ-ны сатып алу қажеттілігін негіздей отырып, соның ішінде: сатып алынатын ТЖҚ-ға бағаны (коммерциялық ұсыныстар) негіздей отырып, МСЖ-ға енгізу (соның ішінде өзгерістер мен толықтырулар) үшін және ТЖҚ сатып алуға өтінімдерді (бұдан әрі – өтінімдер) бас директордың немесе оны алмастыратын адамның қарауына уақтылы ұсынатыны, ал ТЖҚ-ны тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алған жағдайда, өнім беруші туралы ақпарат көрсетілген.

Әлеуетті өнім беруші ең төмен баға ұсынысы (кемінде екі баға ұсынысын сұрату негізінде) және сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары бойынша айқындалады. Шарт сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің неғұрлым төмен құнын ұсынған өнім берушінің баға ұсынысы бойынша жасалады. Жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге жасалатын шарттар бойынша өнім берушілерді таңдау критерийлері, сондай-ақ біліктілігі мен жұмыс тәжірибесі болып табылады.

Біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін өнім берушілерді таңдау фактілері болған жоқ.

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу электрондық түрде мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жүзеге асырылады, бұл өнім берушімен қандай да бір байланысты болдырмайды.

Әлеуетті өнім берушілердің «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 6-бабында белгіленген мемлекеттік сатып алуға қатысумен байланысты шектеулерді бұзу жағдайлары болған жоқ.

Жүргізілген талдау барысында мемлекеттік сатып алу рәсімін өткізу кезінде үлестестік фактілері анықталған жоқ.

Қатысуға ұсынылған өтінімдердің болмауы себебінен өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу нәтижесінде жасалған шарттар осы кезеңде болған жоқ.

Егер олардың құндық мәндегі жылдық көлемі АЕК-тің жүз есе мөлшерінен аспаса, тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу нәтижесінде жасалған шарттар осы кезеңде болған жоқ.

Егер құндық мәндегі жылдық көлемі АЕК-тің бес жүз еселік мөлшерінен аспаса, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу нәтижесінде жасалған шарттар болған жоқ.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 4-бабын басшылыққа ала отырып, ҚР ҰЯО РМК ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын ұстанады, яғни әлеуетті өнім берушіні таңдау кезіндегі басты критерий – сатып алынатын ТЖҚ сапасының төмендеу қаупі барынша азайтылатын ең төменгі баға. Сондай-ақ ҚР ҰЯО

РМК отандық өнім берушілерге қолдау көрсету және зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақтау мүмкіндігін ескереді.

ҚР ҰЯО РМК жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлықты қабылдау деңгейін талдау мақсатында жүргізілген жасырын сауалнаманың нәтижелері бойынша сауалнамаға қатысқан 77 адамның ішінен:

Жұмыскерлердің 100%-ы – 77 адам кәсіпорында сыбайлас жемқорлық фактілеріне тап болған жоқ;

Жұмыскерлердің 100%-ы – 77 адам кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа әкеп соқтыратын жағдайда болған жоқ;

83% – 64 адам ҚР ҰЯО РМК-да не болмаса қандай да бір органда немесе ұйымда сыбайлас жемқорлық фактілеріне тап болған жағдайда қайда жүгіну керек екендігін біледі.

Жұмыскерлердің пікірінше, ҚР ҰЯО РМК-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне неғұрлым ұшырайтын жағдайлар немесе қызмет салалары: мемлекеттік сатып алу, сондай-ақ құрылыс жұмыстарына байланысты бөлімшелердің қызметі.

Сауалнамаға қатысқан жұмыскерлердің пікірінше, ҚР ҰЯО РМК-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл құралдары: жастармен кездесулер өткізу, қаражат пен материалдық құндылықтарды толық бақылау, ішкі бақылау камераларын орнату, жалақыны ұлғайту, туыстық байланыстарды алып тастау, шенеуніктерге ұсынылатын құжаттар санын азайту.

ҚР ҰЯО РМК тапсырыс беруші ретінде әрекет ететін, мемлекеттік сатып алу туралы заңнама нормаларын қолданбай жасалған шарттар саны – 176 (тауарлар – 146, көрсетілетін қызметтер – 30).

Жасалған шарттар бойынша орындаушыларды таңдау критерийі ең төменгі баға, орындаушының біліктілікке сәйкестігі және т.б. болды.

**Бұқаралық ақпарат құралдарына, әлеуметтік желілерге, Интернет желілеріне мониторинг жүргізу.**

Жұршылықпен байланыс бөлімі бұқаралық ақпарат құралдарына жағымсыз жарияланымдарға, оның ішінде кәсіпорын жұмыскерлері тарапынан болатын сыбайлас жемқорлық көріністері фактілеріне қатысты тұрақты негізде мониторинг жүргізеді. Аталған кезеңде жағымсыз жарияланымдар анықталған жоқ.

Әлеуметтік желілер мен Интернет желісіне тұрақты негізде жүргізілген мониторинг барысында ҚР ҰЯО РМК қызметі туралы теріс пікірлер мен комментарийлер, басшылықтың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар анықталған жоқ.

**Ұсынымдар:**

ҚР ҰЯО РМК-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша кәсіпорын әкімшілігіне төмендегілерді ұсынды:

1. Қабылданатын ішкі нормативтік құжаттарды іске асыру кезінде ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тұрақты талдау жүргізу.

2. Жұмыскерлер кәсіпорынға жұмысқа орналасқан кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарына сәйкес жұмыс істейтін туыстары мен

қабылданатын адамдардың бір-біріне тікелей бағыныстылықта болуының жолын кесу мәселесін қарастыру.

3. Азаматтық-құқықтық шарттарды, мемлекеттік сатып алу шарттарын жасасу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларының, іскерлік әдеп пен парасаттылық, адал бәсекелестік қағидаттарының қатаң сақталуын қамтамасыз ету.

4. Мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын адамдарға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жауапкершілік шаралары туралы жүйелі түрде түсіндіруді жалғастыру.

5. ҚР ҰЯО РМК жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлық фактілеріне тап болған жағдайдағы іс-әрекеттері туралы түсіндіру жұмыстарын күшейту.

**ҚР ҰЯО РМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің басшысы** **Е. М. Иманмәдиев**

**ҚР ҰЯО РМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің мүшелері:**

**ҚР ҰЯО РМК қаржы басқармасының бастығы – бас бухгалтер** **С. А. Нигрей**

**ҚР ҰЯО РМК әкімшілік-шаруашылық басқармасының бастығы** **Қ. Е. Қажиев**

# АНАЛИТИЧЕСКАЯ СПРАВКА
## по результатам внутреннего анализа коррупционных рисков в деятельности Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Национальный ядерный центр Республики Казахстан» Министерства энергетики Республики Казахстан

*19.07.2023 года* *г. Курчатов*

Во исполнение пункта 5 статьи 8 Закона Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года № 410-V «О противодействии коррупции», Приказа и.о.генерального директора РГП НЯЦ от 13.06.2023 года № 108 «О проведении внутреннего анализа коррупционных рисков», Республиканским государственным предприятием на праве хозяйственного ведения «Национальный ядерный центр Республики Казахстан» Министерства энергетики Республики Казахстан (далее по тексту-РГП НЯЦ РК) проведен внутренний анализ коррупционных рисков.

Внутренний анализ осуществлялся в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года № 410-V «О противодействии коррупции», Типовыми правилами проведения внутреннего анализа коррупционных рисков, утвержденными Приказом Председателя Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции от 19 октября 2016 года №12 по следующим направлениям:
1) выявление коррупционных рисков в правовых актах, затрагивающих деятельность РГП НЯЦ РК;
2) выявление коррупционных рисков в организационно-управленческой деятельности РГП НЯЦ РК.

Внутренним анализом коррупционных рисков была охвачена деятельность РГП НЯЦ РК за первое полугодие 2023 года.

Источниками информации для проведения внутреннего анализа коррупционных рисков являлись:

1) Устав РГП НЯЦ РК;
2) внутренние нормативные документы РГП НЯЦ РК;
3) НПА, касающиеся деятельности РГП НЯЦ РК.

В соответствии с уставом РГП НЯЦ РК предметом деятельности РГП НЯЦ РК является проведение научных исследований в области ядерной физики, физики твердого тела, радиационного материаловедения, физики и техники ядерных реакторов, обоснования безопасности атомной энергетики, радиоэкологии, изучение и ликвидация последствий ядерных испытаний на территории Республики Казахстан, содержание стратегических объектов, принадлежащих государству и прочее.

**1. Выявление коррупционных рисков в нормативных правовых актах, затрагивающих деятельность РГП НЯЦ РК.**

Основными законодательными актами, в рамках которых РГП НЯЦ РК осуществляет свою деятельность, являются Административный процедурно-процессуальный кодекс Республики Казахстан, Законы Республики Казахстан «Об использовании атомной энергии», «О радиационной безопасности населения», «О

науке», «О государственном имуществе», «О государственных закупках», «О разрешениях и уведомлениях», Экологический кодекс Республики Казахстан.

Коррупционных рисков в нормативно-правовых актах, касающихся деятельности РГП НЯЦ РК, не выявлено.

**2. Выявление коррупционных рисков в организационно-управленческой деятельности РГП НЯЦ РК.**

При осуществлении организационно-управленческой деятельности РГП НЯЦ РК руководствуется внутренними нормативными документами предприятия, утвержденными Генеральным директором РГП НЯЦ РК в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан и Уставом РГП НЯЦ РК, такими как: положение об аттестации работников, положение о порядке подбора персонала, приеме, адаптации и кадровых перемещениях работников РГП НЯЦ РК, положение о кадровом резерве, положение о порядке временного направления на работы с вредными и опасными условиями труда, положение о конкурсе на замещение вакантной должности заместителя генерального директора, положение о квалификационной комиссии и квалификационным требованиям к должностям работников, положение о работе с персональными данными и назначении ответственных за сбор и обработку персональных данных работников, правила организации системы оплаты труда в РГП НЯЦ РК, порядок взаимодействия и ответственности руководителей структурных подразделений РГП НЯЦ РК и его филиалов при осуществлении государственных закупок, правила трудового распорядка РГП НЯЦ РК и др.

Все правовые акты, в рамках которых РГП НЯЦ РК осуществляет свою деятельность, а также разработанные внутренние документы предприятия, проверены на наличие в них коррупциогенных норм с использованием наиболее типичных коррупционных факторов, такие как правовой пробел, широта дискреционных полномочий, завышенные требования к лицу, предъявляемые для реализации принадлежащего ему права, ненадлежащее определение функций, обязанностей, прав и ответственности, и другие.

По результатам анализа, во всех вышеуказанных документах коррупциогенных норм не выявлено.

При анализе деятельности по управлению персоналом установлено следующее: по состоянию на 01 июля 2023 года штатная численность РГП НЯЦ РК составляет 2039 единицы, из них фактическая - 1820 единиц.

Работники головного офиса РГП НЯЦ РК штатной численностью 189,45 единиц, фактической численностью 184 единицы.

В состав РГП НЯЦ РК входят 4 филиала:

Филиал «Институт атомной энергии» - штатная численность 814 единиц, фактическая – 744 единицы.

Филиал «Институт радиационной безопасности и экологии» - штатная численность 271,5 единицы, фактическая – 249 единицы.

Филиал «Институт геофизических исследований» - штатная численность 354,05 единиц, фактическая – 324 единицы.

Филиал «Байкал» - штатная численность 410 единиц, фактическая – 319 единицы.

Условия Положения о порядке подбора персонала, приеме, адаптации и кадровых перемещениях работников РГП НЯЦ РК, утвержденное приказом Генерального директора №17а от 24 февраля 2020 года, исключает все возможные коррупционные риски при трудоустройстве физических лиц в РГП НЯЦ РК. Информация о вакантных должностях в НЯЦ размещается на портале «Электронная биржа труда» ЕНБЕК.

При первичном подборе кандидатов все поступившие резюме рассматриваются на предмет соответствия кандидатов предъявляемым квалификационным требованиям и отбираются отделом кадровой работы (далее - ОКР) по формально заявленным признакам, указанным в заявке на подбор персонала, после чего проводится предварительное собеседование с кандидатом по телефону. Отобранные кандидаты проходят первичное собеседование в ОКР и в отделе безопасности (далее - ОБ) предприятия. Руководитель структурного подразделения после изучения сведений о кандидате проводит второе отборочное собеседование, и решение о приглашении кандидата на работу возможно лишь после положительного согласования на 4 уровнях: ОКР, ОБ, непосредственный руководитель, вышестоящий руководитель.

При принятии на работу в РГП НЯЦ РК используются конкурсные процедуры:

-в головной организации РГП НЯЦ РК - в соответствии с Положением о конкурсе на замещение вакантной должности заместителя генерального директора;

-в филиале «Институт атомной энергии» - в соответствии с Положением о научно-техническом совете филиала (должность начальника подразделения, непосредственно осуществляющего научно-исследовательские и опытно-конструкторские работы).

За указанный период фактов обжалования решений аттестационной комиссии не имелось.

В результате проведенного анализа по определению причин сменяемости кадров, установлено следующее:

За отчетный период уволены –**129** работника, в том числе:

- по инициативе работника **-93**;
- по истечению срока трудового договора **-1**;
- по достижению пенсионного возраста **-8**;
- по обстоятельствам независящим от воли сторон (смерть)**-2**;

-по истечении срока действия вида на жительство иностранца**-2**;

-отсутствие работника на работе без уважительной причины в течение трех и более часов подряд за 1 рабочий день **-1**;

-нахождение на работе в состоянии алкогольного опьянения**-1;**

-несоответствие работника занимаемой должности или выполняемой работе вследствие состояния здоровья, препятствующего продолжению данной работы**-1**

Общее количество работников, переведённых из филиала в филиал РГП НЯЦ РК - **20**.

Фактов расторжения трудовых договоров по инициативе работодателя в связи с совершением работником коррупционного правонарушения, исключающего в соответствии с вступившим в законную силу судебным актом возможность дальнейшей работы, не имеется.

Основные причины увольнения работников связаны со сменой местожительства, с недостаточной развитостью медицинского обслуживания и других социальных сфер в г.Курчатов.

За отчетный период к дисциплинарной ответственности привлечены 16 человек,

из них: РГП НЯЦ РК-**1**, **2** работника филиала «Институт геофизических исследований», **5** работников филиала «Байкал», **8** работников филиала «Институт атомной энергии».

Досрочно снятые дисциплинарные взыскания в первом полугодии 2023 года отсутствуют.

Фактов премирования работников, имеющих не снятое дисциплинарное взыскание – не имеется.

В филиалах «Байкал» и «Институт атомной энергии» имели место 4 случая увольнения работников, не отработавших положенный срок, предусмотренный договором обучения. В соответствии с пунктом 1.5 договора обучения работники возместили денежные средства за обучение пропорционально неотработанному сроку.

Имел место судебный спор об отмене приказа о расторжении трудового договора, восстановлении на работе, взыскании заработка за время вынужденного прогула и взыскании морального вреда. В ходе рассмотрения данного гражданского дела между сторонами заключено соглашение об урегулировании спора (конфликта) в порядке судебной медиации.

**Урегулирование конфликта интересов:**

Фактов занятия должностей лицами, приравненными к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций, находящихся в непосредственной подчиненности должностям, занимаемым их близкими родственниками, супругом (супругой) и (или) свойственниками, а также наличия в непосредственном подчинении близких родственников, супруга (супругу) и (или) свойственников не выявлено.

Фактов принятия на работу в исследуемый период работников, для которых существует риск возникновения конфликта интересов в случаях, когда работник предприятия участвует в принятии решений, которые потенциально могут принести выгоду лицам, являющимся его родственниками, за счет их нахождения в непосредственной подчиненности не выявлено.

В ходе проведенного анализа, относительно рассмотрения обращений физических и юридических лиц установлено следующее: обращений от физических и юридических лиц по факту коррупционных проявлений со стороны работников предприятия или относительно действий работников НЯЦ, приводящих к коррупционным рискам, зарегистрировано не было.

Случаи по несвоевременной даче ответа, либо не даче ответа на обращения физических, либо юридических лиц, не допускались.

Государственные закупки РГП НЯЦ РК проводятся согласно нормам Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках», приказа Министра финансов Республики Казахстан от 11 декабря 2015 года № 648 «Об утверждении Правил осуществления государственных закупок», а также внутренними документами.

На предприятии Приказом Генерального директора от 24.11.2021 года № 1121 ГЗ утвержден «Порядок взаимодействия и ответственность руководителей структурных подразделений РГП НЯЦ РК и его филиалов при осуществлении государственных закупок товаров, работ и услуг, в котором указано, что руководители структурных подразделений РГП НЯЦ РК, а также ОМТС филиалов своевременно представляют на рассмотрение генеральному директору или лицу, его замещающему, заявки для внесения (в т.ч. изменений и дополнений) и на закупку ТРУ (далее - заявки) в ПГЗ с обоснованием необходимости их приобретения, в т.ч. с обоснованием цены на закупаемые ТРУ (коммерческие предложения), а в случае приобретения ТРУ способом из одного источника путем прямого заключения договора, информацию о поставщике.

Потенциальный поставщик определяется по наименьшему ценовому предложению (на основании запроса не менее двух ценовых предложений) и требуемым функциональным, техническим, качественным и эксплуатационным характеристикам закупаемых товаров, работ, услуг. Договор заключается по ценовому предложению поставщика, предоставившего более низкую стоимость закупаемых товаров, работ, услуг. По заключаемым договорам на работы и услуги, критериями выбора поставщиков также являются квалификация и опыт работы.

Фактов выбора поставщиков, не соответствующих квалификационным требованиям, не было.

Государственные закупки товаров, работ и услуг осуществляются через веб-портал государственных закупок в электронном виде, что исключает какой-либо контакт с поставщиком.

Случаев нарушения потенциальными поставщиками ограничений, связанных с участием в государственных закупках, установленных ст.6 Закона РК «О государственных закупках», не было.

Фактов аффилированности при проведении процедуры государственных закупок в ходе проведенного анализа не выявлено.

Договоров, заключенных в результате государственных закупок способом из одного источника по несостоявшимся государственным закупкам по причине отсутствия представленных заявок на участие за указанный период, не заключалось.

Договоров, заключенных в результате государственных закупок способом из одного источника путем прямого заключения договора о государственных закупках товаров, если их годовой объем в стоимостном выражении не превышает стократного размера МРП за указанный период не заключалось.

Договоров, заключенных в результате государственных закупок способом из одного источника путем прямого заключения договора о государственных закупках работ и услуг, если годовой объем в стоимостном выражении не превышает пятисоткратного размера МРП также не заключалось.

Руководствуясь ст.4 Закона РК «О государственных закупках» РГП НЯЦ РК придерживается принципа оптимального и эффективного расходования денег, а значит ключевой критерий при выборе потенциального поставщика - это наименьшая цена, при которой риск снижения качества закупаемых ТРУ сводится к минимуму. Кроме того, РГП НЯЦ РК учитывается возможность оказания поддержки

отечественным поставщикам и соблюдение прав на объекты интеллектуальной собственности.

По результатам проведенного анонимного анкетирования в целях анализа уровня восприятия коррупции работников РГП НЯЦ РК из 77 опрошенных:

100% работников – 77 человек не сталкивались с фактами коррупции на предприятии;

100% работников - 77 человек не оказывались в ситуациях, потенциально приводящим к коррупции в РГП НЯЦ РК;

83% - 64 человека обладают информацией куда необходимо обратиться в случае, если работник столкнулся с фактами коррупции в РГП НЯЦ РК либо, а каком-либо органе или организации.

Ситуациями, либо сферами деятельности наиболее подвергнуты коррупционным рискам в РГП НЯЦ РК по мнению работников являются: государственные закупки, а также деятельность подразделений, связанных со строительными работами.

Средствами противодействия коррупции в РГП НЯЦ РК по мнению опрошенных работников являются: проведение встреч с молодежью, полный контроль над денежными средства и материальными ценностями, установление камер внутреннего слежения, увеличение заработной платы, исключение родственных связей, исключение количества документов для предъявления чиновникам.

Количество договоров, заключенных без применения норм законодательства о государственных закупках с физическими лицами, где НЯЦ выступает в качестве заказчика составило 176 договоров (товары – 146, услуги – 30).

Критерием выбора исполнителей по заключаемым договорам являлась минимальная цена, соответствие квалификации исполнителя и др.

**Мониторинг средств массовой информации, социальных сетей, сети Интернет.**

Отделом по связям с общественностью на постоянной основе проводится мониторинг средств массовой информации на предмет негативных публикаций, в том числе касающихся фактов коррупционных проявлений со стороны работников предприятия. За указанный период негативных публикаций не выявлено.

В ходе проводимого на постоянной основе мониторинга социальных сетей и сети Интернет негативных отзывов и комментариев о деятельности РГП НЯЦ РК, жалоб на действия (бездействия) руководства, не выявлено.

**Рекомендации:**

По результатам внутреннего анализа коррупционных рисков антикоррупционной комплаенс-службой РГП НЯЦ РК администрации предприятия рекомендовано:

1. Проводить постоянный анализ принимаемых внутренних нормативных документов на предмет возможных коррупционных рисков при их реализации.
2. При трудоустройстве работников на предприятие, рассматривать вопрос исключения нахождения работающих родственников и принимаемых лиц в непосредственной подчиненности друг к другу в соответствии с требованиями антикоррупционного законодательства.

3. Обеспечить строгое соблюдение норм антикоррупционного законодательства, деловой этики и добропорядочности, принципов добросовестной конкуренции при заключении гражданско-правовых договоров, договоров государственных закупок.

4. Продолжить систематическое разъяснение лицам, осуществляющим деятельность в сфере государственных закупок, о мерах ответственности за совершение коррупционных правонарушений.

5. Усилить разъяснительную работу о действиях работников РГП НЯЦ РК в случае, если они столкнулись с фактами коррупции.

Руководитель антикоррупционной
комплаенс - службы РГП НЯЦ РК — Е.М. Иманмадиев

Члены антикоррупционной
комплаенс - службы РГП НЯЦ РК:

Начальник финансового управления,
главный бухгалтер РГП НЯЦ РК — С.А.Нигрей

Начальник административно-хозяйственного
управления РГП НЯЦ РК — К.Е. Кажиев